

**Абай облысы бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын  
сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа  
берілген ауызсудың бір текшे метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы**

Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/16-VIII шешімі. Абай облысының Эділет департаментінде 2023 жылғы 24 сәуірде № 50-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38-бабына, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің "Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауыз судың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2021 жылғы 27 тамыздағы № 470 бүйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24170 болып тіркелген), Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауыз судың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері осы шешімнің қосыншасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай облысы мәслихатының төрагасы*

*K. Сулейменов*

Абай облысы мәслихатының  
2023 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 2/16-VIII шешімнің  
қосыншасы

**Абай облысы бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын  
сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген  
ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері**

№	Қызметтерді тұтынушылардың атауы	Төлем мөлшері, теңге/м3
1.	Ауыз суды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін	45
2.	Ауыз суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін	60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК